

**Көксу ауданы бойынша ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес процент жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы N 66-3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 13 қаңтарда N 2-14-121 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 06 мамырдағы N 41-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 06.05.2015 N 41-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Көксу ауданы мәслихатының 2012.11.05 N 10-375 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 4-тармағына және Көксу ауданы әкімінің 2011 жылғы 08 қарашадағы № 81-01-81-10/1794 ұсынысына сәйкес, Көксу ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көксу ауданы бойынша ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес процент жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облысы Көксу ауданы мәслихатының 2012.11.05 N 10-375 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың білім, мәдениет, денсаулық сақтау, жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына ( төрағасы Сәрсекұлов Нұрсағи Сәбитұлы) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат**

*сессиясының төрағасы*

*С. Байғабылов*

*Аудандық*

*мәслихат хатшысы*

*Б. Қисметов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Көксу ауданының экономика,*

*бюджеттік жоспарлау және*

*кәсіпкерлік бөлімінің бастығы*

*Ә.Б. Әмірсейітова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК